

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Орындаған: Базарбай Г.М
Жетекші: Әлімтаева Л.Т**

Тақырыбы: «Әлеуметтік желілердегі хаттар
тілі: түрі, лексика-грамматикалық сипаты»



Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Әлеуметтік желі – бүкіләлемдік ақпарат сервері. Бүгінгі күні Әлеуметтік желі немесе жаһандық желі тек ақпаратты (мәліметті) жеткізу құралы ғана емес, сондай-ақ дүние әлеміндегі адамның бағыт-бағдарын айқындап отыратын маңызды құралдардың бірі болып саналады. Соған сәйкес адам өмірінің қарқынды ырғағына үнемі сәйкес болып отырады. Адам желі арқылы пайдалы ақпараттарды аша алады, өмірлік серігін, саяхатқа шығатын жолсерігін табады, ұтымды сатып алу, сату әрекеттері болады, жұмыс жасап пайда табады, әскери келісім-шарт жасайды, әйгілі немесе танымал болады, қызығушылық мүдделері ортақ жандармен сұхбаттаса алады т.б.. Адамның осылайша желілер әлеміне еніп, ықпалдасуы, тікелей қатыстылығы әртүрлі білім саласындағы зерттеушілердің қызығушылығын оятпай қоймады.

Дипломдық жұмыстың мақсаты. Жұмыстың негізгі мақсаты – халықты ақпаратпен қамтамасыз етудің жылдам әрі тиімді жолы әлеуметтік желідегі хаттар тілінің табиғатын ашу, түрлері мен қызметіне тоқталу, лексика-грамматикалық ерекшеліктерін қарастыру.

Осы мақсатқа жету үшін жұмыста мынадай **міндеттерді** шешу көзделді:

әлеуметтік желінің ақпарат таратудағы маңызы мен ерекшелігін көрсету;

әлеуметтік желі тіліне сөз мәдениеті тұрғысынан баға беру;

әлеуметтік желідегі хаттар тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне тоқталу;

хаттар тіліндегі сауаттылық, норма мәселесіне сараптама жасау.

.

1 ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ТІЛІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.1 Әлеуметтік желі: түрлері және қызметі

1.2 Әлеуметтік желі хабарлар тілінің табиғаты

1.3 Интернеттегі таңбалар мен эмотикондар

2 ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ СӨЗ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

2.1 Сөз мәдениеті және оның басты қағидалары

2.2 Әлеуметтік желідегі хаттар тілінің орфоэпиясы мен орфографиясың пунктуациясы

2.4 Әлеуметтік желідегі сауатсыздықтың алдын алу жолдары

1.1

Әлеуметтік желінің осындай қызметтері мен қарым-қатынас ерекшеліктеріне қарай төмендегідей топтастырамыз:

1. тілдесу үшін қолданылатын әлеуметтік желілер;
2. мультимедиялық әлеуметтік желі;
3. газет-журналдар, телеарналардың ресми сайты;
4. қаржы, тауар айналымын реттейтін әлеуметтік желі;
5. ресми интернеттік сайттар.



1.2

Әлеуметтік желідегі графика дәстүрлі түрдегіден айрықша болады. Вербалды графикалық веб-құрылымда латын және кирил әріптері қатар қолданылатын тұстары мол. Вербалды таңбалардан басқа интернетте акценттік, интонациялық, маркерлі навигациялар (әріп астын сызу, гиперсылкалар т.б.) жиі қолданылады. Мысалы, *КЕШІКПЕ!!!!!!!!!!!! т.б. Интернетте латын және кирил әріптерінің қатар көрінуі бірнеше сатылардан тұрады.*

Бірінші – қазақ сөздері латын әліпбиімен безендірілуі: *Senimen soilespegeli min jil boldi goi.*

Екінші – қазақ мәтінін беру үшін латын және кирил әріптерін қатар қолдану. Бұған басқа тілдердегі фрагмент мәтіндерді және латын транслитерациясы арқылы берілетін қазақ мәтіндерін жатқызуға болады. Мысалы, кирил және латын фрагменттері арқылы жасалған мынадай сөздер жиі қолданылады: SOOған бердің бе? Неге? ОйлаN? т.б.

Үшінші – кирил әліпбиімен безендірілуі, яғни қазақтың төл әріптерінің орнына орыс тіліндегі әріптерді қойып қолдану: Сен кимге барасын, олай истедин, мен магазинге сағат уште шыгам. Сен ше? Қазақ тіліндегі і, ғ, ү тәрізді төл графемалар түрленіп, орыс графикасындағы бар таңбалармен алмастырылған (і → и, ғ → г, ү → у).

Төртінші – қазақ тілі нормаларына сай өрнектелуі. Бұған арнайы тіркелген файлдарды жатқызуға болады. Интернетте әсіресе жарнама мәтіндерде, компьютер ойындарына берілетін нұсқаулықтарда, музыкалық каталогторда, яғни MP3-де латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі қызмет етеді. Фирмалардың, бағдарламалардың аттары латын графикасымен безендіріледі. Желідегі мәтіндері көптеген графикалық, орфографиялық қателердің болуы негізінен олардың ойламаған түрде жүзеге асатындығынан деп түсіндіріледі. Бұл бір жағынан алғанда, ал егер екінші қырынан алатын болсақ, қазақ әріптерінің веб-коммуникацияда үнемі дұрыс қолданылмайтындығын айтуға болады. Яғни интернетте қазақ әріптері орыс графикасында бар таңбалармен немесе қазақ сөзі латын графикасымен жазылады. Ал қазақтың қ, ғ, н, ә, і, ү, ұ тәрізді төл графемалары кейде тіпті қолданылмай жататын тұстары бар. Бұлай қолдану жүйесі әрине қазақ тілінің айтылым жүйесіне, жазылым принциптеріне қайшы келетіндігі белгілі. Бірақ интернет-коммуникант мұны қалыпты норма ретінде санайды. **11**

1.3


Қазіргі қазақ интернет жүйесінде күлкіні көрсету үшін езу тартқан ерінді, қайғыруды, ренжуді, көңілденуді, жылауды, көз қысуды, бет сүюді, ұйқыны, темекі тартуды, мазақтауды, қуантуды, билеуді, ойлануды көрсететін белгілер мол. Бұл смайликтерді, яғни эмотикондарды коммуниканттар сөз орайы келгенде ешбір ережесіз қолдана береді. Бұл жазбаша әңгімелесуде шынайыландыра түсу үшін қажетті қосымша. Бұлар тілдік немесе мәтіндік құрылымға ие болмаса да тұлғаның бойындағы белгілі бір эмоциялардан хабар береді. Сонымен қатар бұл эмотикондар айтатын сөздің мәтінін теріп жатуды қолайсыз көрген жағдайда да өолданылады. Бұл қазіргі қазақ әңгімелесу машығындағы кеңінен тұрақтанған әдістің бірі.

Эмотикон, яғни күлегеш, смайл (ағылш. smiley), смайлик, өңтаңба, (ағылш. emoticon) – эмоция білдіретін пиктограмма. Жиі типографиялық белгілерден құралады. Интернет пен SMS-терде ерекше қолданыс ауқымына ие болып отыр:

1. күлегеш түрлері;
2. классикалық күлегештер;
3. азиялық күлегештер

Әлеуметтік желі сөз мәдениетіне тигізетін әсері орасан зор. Сөз мәдениетіне қатысты өзекті проблемаларды виртуалды кеңістікте жариялау әрі талқылау көпшіліктің назарын өзіне бірден аударады. Екіншіден, әлеуметтік желі сөз мәдениетінің кейбір мәселелерін шешу процесін жылдамдатады. Үшіншіден, әлеуметтік желі сөз мәдениетіне қатысты жаңа ұғымдардың пайда болуына ықпал етеді. Атап айтатын болсақ, «әлеуметтік желі мәдениеті», «әлеуметтік желі тілі мәдениеті», «әлеуметтік желі және сөз мәдениеті» және т.б.

Сөз қателіктері көбірек орын алатын интернет ресурстары



2.2 Әлеуметтік желідегі сөз қателіктерінің ең көп кездесетін қателіктер, бұл – орфографиялық қателер. Мәтін ішіндегі қателерді былай қойғанда, әлеуметтік желідегі материалдардың бас атауы тақырыбында да сөз қателіктері, оның ішінде орфографиялық қателер көптеп кездеседі.

Әлеуметтік желілердегі сөз мәдениетін сақтау үшін елімізде ең алдымен:

1. Ақпараттық мәдениет жайында қажетті мәліметтер, жұмыстар жүргізіліп, кеңінен насихатталса;
2. Адамдар бір-біріне қарап түзеледі, сондықтан жастарға үлгі болатын қоғам белсенділері жарнамадан бөлек, сөз мәдениетіне қатысты игі істерді атқаруға атсалысса, сөз қателеріне қатысты түрлі танымдық мақалалар жарияласа;
3. Тілдің қолданылуы, оның маңызы ~~жөнінде~~ әлеуметтік желілерде талқыланып, тіл тазалығы, сауатты жазуға үндеген жарнамалар, жастардың патриоттық сезімдерін арттыратын ақпараттар мен суреттер жиі берілсе;
4. Кез келген әлеуметтік желіні пайдаланушы тұлға тіл мәселесіне бей-жай қарамай, сауатты жазуға талпынса, ықылас танытса виртуалды әлемдегі сөз мәдениеті түзелері анық

Сауалнама

15-25 жас аралығындағы әлеуметтік желі тіркелушілері өте көп, нәтижесінде тәулігіне орта есеппен алсақ та, 13-16 сағат қолданушылары, сонымен қатар жаргон, диалект, варваризмдерді қолданып сөйлеушілердің 90% алады.

26-40 жас аралығындағы желі қолданушылары алдыңғымен салыстырғанда азырақ, сонымен қатар варваризмдер мен диалектілерді аз қолданушылардың қатарына кіргенімен, коммуникация жағдайында пунктуациялық белгілермен орфографиялық қателерге мән берілмейтіні дәлелденді.

41-60 жас аралығындағы желі қолданушылары сөз мәдениетін сақтауға барынша тырысатындығын, сонымен қатар ана тілінде жастардың дұрыс сөйлемейтіні осы әлеуметтік желілердің салдарынан, сонымен қатар сауатсыздықтың бастауы әлеуметтік желінің салдарынан орын алатын дүние деген құнды пікірлер білдірді.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!!!!!!**
